

Ұлтаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі: бүгінгі жоғары саяси мәдениет келісімі

XX ғасырдың 90-шы жылдарында КСРО-ның ыдырауы мен әлемдік биполярлы құрылымдағы социалистік жүйенің ыдырауы халықаралық қатынастардың жаңа субъектілерінің пайда болуы мен оның құрылымында өзгерістік жаңарулардың орын алуына алып келді. Бұрынғы кеңестік кеңістікте орналасқан ұлттық республикалар өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп, халықаралық қарым-қатынастардың тең құқылы мүшесі ретінде өздерінің сыртқы саяси-экономикалық және ішкі саяси-әлеуметтік қарекеттерін жүзеге асыра бастады. Орталық Азия елдері арасында Қазақстан бұл жағынан алғанда өзінің мемлекеттілік қаракетін алғашқы кезеңнен-ақ дұрыс жолға қою арқылы бүгінгі күні айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр.

Сонымен қатар тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап ұлтаралық келісімді нығайту шарасын мемлекеттік даму мен оның территориясындағы ұлттардың өсіп-өнуі, бірін-бірі сыйлауы мен құрметтеуінің негізгі принциптерінің бірі ретінде қарастырды.

Бүгінгі таңда Қазақстан ұлтаралық және дінаралық келісім мен ымырагершілікті негізге алған 140 астам ұлт өкілдері мен 40 астам дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктердің отаны болып отыр. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бұл стратегияның өміршеңдігін көрсетіп, оның бүкіл адамзат қауымының дамуындағы халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық үлгісінің қажеттілігін танытты.

Халықтардың өзара қарым-қатынасы мәдениетінің қазақстандық үлгісі – бұл қоғамдағы шиеленістік, қақтығыстық жағдайды жеңу ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуінің алдын алу болып табылады. Қазақстан қоғамының бұндай жетістікке қол жеткізуі оның халқының ұжымдық субъекті ретіндегі және оның әрбір мүшесінің өз бойында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары қоюында болып отыр. Бұған Қазақстан Республикасының алғашқы кезеңнен бастап зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде дамуды қолға алып, өз конституциясында республика территориясында тұратын кез-келген азаматтың толық құқықтылығына кепіл болуы үлкен ықпал етті. Қазақстан Республикасының Ата Заңында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп азаматтарының өз құқықтарын толығымен пайдалануына мүмкіндік жасаған [1, 8-бет].

Қазіргі таңда Қазақстандағы жалпы ұлттық құрылыстың негізгі құрамының бірі ретінде ұлттық плюрализм алынып отыр. Аталынған бағыттың жүзеге асырылуы барысында біршама жетістіктерге қол жеткізілген. Мысалы, біріншіден, әлеуметтік зерттеу деректеріне сай қазақстандық тұрғындардың басым бөлігі өздерін Қазақстан

Республикасының азаматы деп санайтынын мәлімдеген. Екіншіден, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдеріне өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалынған.

Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжырымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалдық деңгей және ғылыми-әдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ол: әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ожданлық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді. Саяси-құқықтық немесе конституциялық деңгей мемлекеттің ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін заңнамалық актілер және ұлттық саясатты жүргізуге қатысты басқа да құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Ұлтаралық келісімнің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы танылады. Тіпті Ата Заңның 39-шы Бабы: «ұлтаралық келісімді бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп көрсетілген. Сонымен қатар, Негізгі заңның 7 Бап («мемлекет Қазақстан халқының тілдерін дамыту мен оқуға жағдай жасайды») пен 19 Бап («әр азамат өз тілі мен мәдениетін пайдалануға құқылы») пен басқа да «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «ҚР тілдері туралы», «Мәдениет туралы», «Тарихи-мәдени мұралары объектілерін қорғау мен пайдалану туралы» заңдар Қазақстандық кез-келген азаматтың өз тілінде білім алу, дамыту мен мәдениетін уағыздауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстан ұлттары 2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде республиканың жоғарғы заң шығару органына өкілдер жіберу құқығына ие болды.[2, 18-б]

Ұлтаралық келісімде әділ де демократиялық қоғамның бекуі мен жетілуіне көпұлтты тұрғындардың күш біріктіруін қажет ететін, ұлттар бірлігінің шынайы өсу процесін айқындайтын сана қалпы көрініс табады. Бұл келісім мәдениеттің әлеуметтік құндылығы, ең алдымен, практикалық мақсатқа лайық болып табылады. Өмірдің барлық саласындағы іс жағдайын осы көзқарас тұрғысынан қарауымыз керек. Практикалық әрекет қана әр түрлі ұлт адамдарының қарым-қатынас келісімін қалыптастыру процесі қандай бағытта, қандай қарқынмен дамып келеді және дами бермек; олардың көзқарастарында қандай нормалар, принциптер жетекші болып қалады және қайсысы қоғамдық мінез-құлыққа сәйкес сұрақтарға принципті түрде жауап береді. Сонымен бірге мынаны ұмытуға болмайды: адамдар қарым-қатынасының интернационалдық жетілу деңгейі оның мәдени келісім принциптерін меңгеруімен ғана танылмайды, сонымен қатар өзінде бұл принциптердің «сіңіп кетуімен», кез-келген жағдайда жоғары интернационалдық мінез-құлыққа ішкі қажеттілігін тәрбиелеумен де танылады. Ұлтаралық қарым-қатынас жоғары мәдениет келісімінің принциптерін меңгерген адам әлеуметтік өмірде белсендірек, аса көреген, болашаққа сенімдірек қарайтын болады.

Ұлттаралық қарым-қатынас саласында орын алып отырған қарама-қайшылықтар мен проблемалар туралы айта отырып, мынаны ескеруіміз керек, бұлардың көбісінің тамыры отаршылдық саясат пен жеке басқа табыну кезеңдеріне барып тіреледі. Ұлттық проблемалардың күшеюінің маңызды себептерінің бірі жаппай репрессия болды, әсіресе бүкіл халықтардың тұрған мекендерінен мыңдаған шақырым қашықтықтағы Қазақстанға және туған жерлерінен басқа республикаларға, аймақтарға көшірілуі еді. Мысалы, 12 халық Қазақстанға күшпен көшірілген. Себепсіз ұлтшыл деген айып тағылып, көптеген ұлттық кадрлар қуғынға ұшырады. Мысалы, Қазақстанда А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Т. Рысқұлов, Ж. Аймауытов өмірлері қиылды. Бұл жағдай республикадан М. Әуезовтың жер аударылуына, О. Сүлейменов, О. Ысмағұлов кітаптарын айналымнан шығарып тастауға, М. Бегалин кинофильміне тыйым салуға, Алматы және республиканың басқа қалаларында студенттік жастардың бейбітшіл шерулерін жаншуға әкеліп соқтырды. Жеке басқа табыну дәуіріндегі трагедиялық құрбандықтарды, тоқырау кезеңдерін бұрынғы КСРО халықтарының бәрі басынан кешірді. Мұнымен қоса, одақтық, автономиялық, ұлттық-аймақтық шекараларды белгілеуде, сондай-ақ олардың аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық прогресс қарқынында волонтаризм мен қателіктер жіберілді. Барлық осы және басқа да келеңсіз құбылыстар адамдар санасында терең із қалдырды, қазір де бұлармен түйісуге тура келеді. [3, 8-бет].

Қазақстан тарихының бір бөлігі-оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы. Әлемдік тарихта әр түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі тың құбылыс емес. Бұл ретте Қазақстанның көп ұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді.

Өткенге мұқият қарасақ, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйттеп, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды.

Ассамблеяны құру идеясы 1992 жылы өткізілген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған 1 этникалық форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президентіміз «біздің басты байлығымыз- халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы

калыптастырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, дәстүрлерімізді жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол ондаған жылдардың жемісі. Әр халықтың, әр ұлттың үні естіліп тұруы тиіс. Сондықтан форумды тұрақты негізге ауыстыру мақсатында жаңа қоғамдық институт құру қажет» деген болатын.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауға құқылы болды.

Өзінің көпжылдық тарихында Ассамблея өзінің басым бағыттарын айқындай отырып, Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өзара тату-тәтті өмір сүруіне жағдай жасауда, елдегі тұрақтылықты сақтап, дамытуға зор үлес қосып келеді. Осы жылдар ішінде ҚХА елімізде 600 -ден астам ұлттық-мәдени бірлестіктері бар, конституциялық мәртебеге айналған, басқа мемлекеттерге ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда үлгі бола алатын қоғамдық институтқа айналды.

Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI- сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді.[4]

Сонымен қатар, әрбір ұлттың ішкі қарым-қатынас мәдениеті оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ортасының даму деңгейімен, сондай-ақ, ұлттық сана-сезім, ұлттық таным деңгейімен айқындалады. Ұлттық сана-сезім мен психологияның ұлттық мінез, ұлттық сезімдер, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық тұрмыс ерекшеліктері сияқты элементтері айрықша ұлттық мәнерлілік дарытады. Адамдар белгілі бір табиғи-климаттық жағдайларда, нақты табиғи-географиялық ортада тіршілік етеді, бұл да, сондай-ақ, олардың өзара қарым-қатынасына ықпалын тигізеді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның, халықтың, тұлғаның рухани өмірінің белгілі бір құрылымдық компоненті болып табылады. Ол түрлі ұлт өкілдерінің рухани байланысы деңгейін сипаттайды, бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар нәтижесі ретінде танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Астана: Елорда. 2008 жыл. 8-бет.
2. Арзықұлов. А. Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі және оның қалыптасуының алғышарттары. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы/– Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 18-бет.
3. Әбсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Ұлтаралық келісімнің проблемасы және оы шешу жолдары. «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: жағдайы мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция/ -Алматы. 2007 жыл, 123-бет.

4. Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 21 қазан.

Әбікенов Жарқынбек – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің аға оқытушысы.